

Кураторларға арналған оқу семинары

2018 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ақталында Академиядағы оқу топтарының жетекшілеріне арналған «Кураторлармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы оқу топтары кураторларының рөлі» атты тақырыпта оқу семинары ұйымдастырылды.

Семинарға Академия бастығының орынбасары, Кураторлар кеңесінің төрағасы полиция полковнигі Ербол Қаппасов пен оның орынбасары полиция майоры Әсел Ақылбекова және барлық курстардың басшылары, оқу топтарының 40-тан астам кураторлары қатысты.

Семинардың ашылу салтанатында Кураторлар кеңесінің төрағасы полиция полковнигі Ербол Қаппасов кіріспе сөзін сөйлеп, семинарға қатысушыларды күн

тәртібімен таныстырып өтті.

Ербол Төлегенұлы жыл бойы кураторлық жұмыспен белсенді айналысқан кураторларға өз алғысын білдіріп, өз жұмыстарына сылбырлық танытқан кейбір кураторларға жұмыстарында шапшаңдық танытуға шақырды. Және де семинар барысында қарастырылатын кураторларға тән жаңа критерийлермен бағалауды таныстырып өтті. Егерде осы ұсынған критерийлерді бекітетін болсақ, алдағы уақытта осы бағалау арқылы кураторлардың жұмысын есепке аламыз, - деді Ербол Қаппасов мырза.

Төрағаның сөзінен кейін, кураторлық жұмыста мол тәжірибесі бар, Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының бастығы полиция полковнигі Гайда Жандарбекова семинарға қатысушы кураторлармен өзінің мол тәжірибесімен бөлісті.

- Құрметті семинарға қатысушылар, бүгінгі

ұйымдастырылып отырған семинар Сіздердей жас кураторларға тәжірибе жинақтау үшін өте қажет. Өйткені көпшілікпен жұмыс жасау оңай емес. Мен Сіздерге мынадай ұсыныс жасағым келеді. Бүгінгі семинарда ұсынылып отырған критерийлер арқылы бағалаудағы балдарды жинақтаудың бір ұтымды тәсілі, мен басқарып отырған институттағы жасанды полигонмен кураторларды таныстырып, неге ақпарат жазбасқа. Сонан соң институтқа біліктілігін арттыруға келген тәжірибелі қызметкерлермен кездесу ұйымдастырсаңыздар, жұмыстарыңыз біршама алға жылжып, кураторлар да тәжірибе жинақтар еді. Кураторлық қызмет өте жауапкершілікті, еңбекқорлықты қажет етеді. Куратордың бойында ең бірінші ұйымдастырушылық қабілет жоғары болуы қажет. Сонда ғана еңбектеріңіз бағаланып, сый-құрметтеріңіз артады.

Гайда Байгуровнаның ақыл-кеңесінен кейін, академия кураторлары әртүрлі

тақырыптар бойынша баяндама жасады.

Оқылған баяндамалардан кейін, әркім өз ойларын ортаға салып тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар соңында Кураторлар кеңесі төрағасы Ербол Төлегенұлы өз орынбасары полиция майоры Әсел Ақылбекованың жұмысына оң бағасын беріп, алғысын білдіріп, жаңа орынбасарды сайлауға ұсыныс жасады. Жаңа лауазымға заң ғылымының магистрі полиция аға лейтенанты Аманат Мұратты лайықты деп, бір ауыздан дауыс беріп сайлады.

Бізге жаста болса өз ісінің шебері, Аманат Мұратты құттықтай отырып, болашақта кураторлар кеңесінің жұмысын жандандырып, бұданда әрі жақсы жолға қойсын деген тілек білдіргіміз келеді.

Мейрам ОСПАНОВ

Академияның баспасөз хатшысы

Парақорлықпен қоғам болып күресу керек

Жолдағы жемқорлыққа полиция қызметкерлері ғана емес, сонымен қатар қарапайым азаматтар да айыпты. Бұл туралы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Президиумы жанындағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және «жасыл экономика» комитетінің мүшесі Мұрат Әбенов мәлімдеді.

Орталық коммуникациялар қызметінде қоғам қайраткерлерінің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия бойынша алғашқы жұмыс сатысы қорытындыланды. Жиынға қоғам қайраткері Мұсағали Дуамбеков пен Айгүл Соловьева және Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілі Салауат Муксимов қатысты.

Бүгінге дейінгі жемқорлықтың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар реті таныстырылып, спикерлер қол жеткізген оң нәтижелермен бөлісті. Сондай-ақ алдағы уақытта орын алуы мүмкін өзгерістерді атап өтті.

Мұрат Әбеновтің айтуынша, Астана қаласының әкімі Мемлекеттік сатып алуды бір жерге біріктіріп, ашық әрі жариялы түрде өткіземіз деп отыр. Алайда ол бұл әлі сөз жүзінде, ал іс жүзінде қандай нәтиже беретіндігін бірге бағамдау керек екенін ескертті.

– Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2017 жылдың басынан бастап бізді шақырып (арнайы мониторинг тобы), жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға қатысты ұсыныстарымызды назарға



алды. Мемлекет бір өзі қанша сыбайлас жемқорлықпен күрескенімен де жетістікке жете алмайды, яғни қаржы да, осымен айналысатын қызметкерлер де жетіспейді. Тек бірікпек қана бұл бағыттағы проблемаларды шешу мүмкін болады. Мемлекет өз тарапынан ашық әрі жария түрде жұмыс істеуі керек, ал қоғам соны қолдауы тиіс. Бұл тұрғыда жемқорлық әрекетіне барғандарды сынау қажет. Бизнес «мені қысып жатыр, тексеріп жатыр» деп айқайлай бермей, өзі де пара бермеуі шарт. Ашық түрде конкурстарға қатысып, парасыз жұмыс істеуге екіпін қойғаны дұрыс. Азаматтарымыз оңай жолға түспей, мәселесін парамен шешпей, өзі заңды түрде жүруі керек. Бұл қадамдардың барлығы қатар іске асырылса, тек қана сол кезде ғана сыбайлас жемқорлықты азайтуға болады, - деді Мұрат Әбенов.

Оның айтуынша, бірлесе атқарылған

жұмыстардың барысында авкөліктерді тіркеу, мамандандырылған ХҚКО-лар шаралары әлдеқайда жақсарды. Өйткені арнайы жоспарлар құрылып, бұл бағыттағы ортақ проблемалар шешілген. Айгүл Соловьева болса сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның орындалуын бағалап, мемлекеттік қызметті, Құқық қорғау органдарын және сот жүйесін реформалауының маңызды қадамдарын атап өтті.

– Соңғы екі жылда біз кәсіби мемлекеттік аппараттарды қалыптастыруда, сондай-ақ мемлекеттік қызмет стандарттарын таратуда – құзыретті іріктеуде, Құқық қорғау органдарын меритократия қағидаты бойынша ілгерілетуде үлкен өзгерістерді байқадық. Мысалыға, ұшсатылы іріктеу жүйесін енгізу Құқық қорғау органдарында оқуға түскендердің санын қысқартты (2016 жылы 8640-тан 2017 жылы 6181-ге), бұл қабылданатын кадрлардың сапасының жақсарғанын білдіреді, - деді ол.

Салауат Муксимов Қазақстан жемқорлыққа қарсы стратегияның бірінші кезеңін аяқтап отырғанын айтады. Мысалы, 2015-2017 жылдарға арналған жоспардың бастапқы кезеңі аяқталып, 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралардың алғашқы қадамы жасалды.

Серік ЖОЛДАСБАЙ
(«Айқынның» электрондық нұсқасы, 13 ақпан 2018 жыл)

Уақытын әрі қаражатын үнемдейді...

Қостанай облыстық сотында апелляциялық сот отырыстарын қашықтықтан өткізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды.

Нақтырақ айтсақ, Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев судьялардың кеңейтілген жиынында Торғай өңірінен түсетін апелляциялық шағымдарды Арқалық қаласында қашықтықтан қарау бойынша пилоттық жобаның іске қосылғандығы туралы хабарлады.

Облыс орталығынан (Қостанайдан) 700 шақырымға дейінгі қашықтықта орналасқан Арқалық, Амангелді және Жангелдин аудандарынан түскен қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша апелляциялық шағымдар бейне конференциялар арқылы, шамамен әр сейсенбіде қаралатын болады. Ол үшін шағым жазушылар өз арызында ол туралы көрсетуі немесе жеке өтініш жазуы керек. «Бұл жоба азаматтар мен заңды тұлғалардың мүмкіндігін

кеңейтіп, тараптардың іс бойынша өз ұстанымын айтуға және уақыты мен қаражатын үнемдеуіне жағдай жасайды, - дейді А.Мерғалиев.

Сот төрелігін жүзеге асыру сапасын қорытындылауға арналған кеңейтілген жиынға аудандық және оған теңестірілген сот төрағалары мен судьялары онлайн режимінде қатысқанын атап өту керек. Осы форматта өткен жылы орын алған сот актілерінің өзгертілуі мен жойылуы себептері бойынша семинар өткізілді.

Бұл бастамалар Мемлекет басшысының судьялардың VII съезінде, Жолдауда, Ұлт жоспарында және «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру мақсатында және Жоғарғы Сот төрағасының қолжетімді және ыңғайлы сот жүйесін IT-сервистер арқылы кеңейтіп қалыптастыру бойынша тапсырмасын іске асыру аясында жүзеге асып отыр.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

Ана тілім тұғырым, тіл байлығым

Жангелдин аудандық сотында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарының 20-қадамынан туындайтын міндеттерді жүзеге асырудағы мемлекеттік тілдің даму перспективасы талқыланып келеді.

Қазіргі кезде барлық сот үдерістеріне аудиобейне бақылау мемлекеттік тілде енгізілген, соттың іс жүргізу өндірісі номенклатурасындағы барлық құжаттамалары мемлекеттік тілде жүргізіледі және оларды аудандық мемлекеттік архив қызметкерлері оң бағалаған. Бұл – сот төрағасының өкімдері және жедел түрде өтетін кеңестердің, семинарлық сабақтардың хаттамалары, талдаулар, анықтамалар, сонымен қоса барлық мемлекеттік органдармен хат жазысуы.

Заңға сәйкес, сот өндірісін жүргізу тілі сотқа жүгіну кезеңінде анықталады. Тәжірибе көрсеткеніндей, сотта қылмыстық істер жөніндегі сот мәжілістерінің 90 пайызы және азаматтық істердің 80 пайызы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Әдетте, арыз-шағымдарды жазу барысында азаматтар қазақ тілін жетік меңгерген, яғни заң талаптарына сай деңгейде білетін адвокаттар, қорғаушылар өкілдерінің қызметін пайдаланады. Мемлекеттік тілді білмейтін немесе жеткіліксіз білетін тұлғалар іске қатысу барысында аудармашылар қызметі көрсетіледі.

Жергілікті газетте сот қызметкерлерінің мақалалары мемлекеттік тілде жарияланады. Семинарға қатысушылар, сот өндірісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізу жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру қажет деген пікірге келді, сот қызметкерлеріне тілді меңгеру деңгейін жоғарылату қажеттігі ұсынылды. Ол үшін мемлекеттік тілде шығатын заң әдебиеттерін, газеттер, журналдар, кодекстер және ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылар жинақтарын пайдалану.

Сонымен қатар, Тіл - қазіргі заманның өзекті мәселерінің бірі болып тұр, қоғамымыздың қызықтырып қызба талқыға салынатын тақырыптардың алдыңғы қатарында, иә тіліміз яғни қазақ тілінің хәлі, қоғамның ана тілімізді пайдалануы, мемлекеттік органдарда іс-жүргізушілікте қолданылуы барысы әрқашанда бақылауда.

Отан отбасынан басталады дегендей, еліміздің әрбір азаматы өзінің отбасында, араласатын ортасында ана тілінде сөйлесе, тілге деген мәселе өзінен өзі жойылып, ана тіліміздің мәртебесі есер еді.

Қазіргі кезде тіл мәселесін көтеріп жүргендер аз емес, мемлекеттік органдарда тілімізді дамыту үшін жоспарлар құрылып, мамандар үшін тіл оқыту курстары ашылып, жұмыста пайдаланатын сөздіктер құрастырылып жатыр.

Әрқашанда тіл - ол тәуелсіздігіміздің кепілі, ата-баба дәстүріміздің, тарихымыздың, дініміздің және елдің, халықтың бірлігі. Сондықтан әрқашанда тілімізді құрметтеп, ана тілімізде сөйлеп, тіліміздің мәртебесін көтеріп жүрейік.

А. ХАМЗИН,
Жангелдин аудандық сотының кеңсе меңгерушісі

Мұндай да болады екен

Қылмыс әлемінде кейде не күлерінді, не жыларынды білмейтіндей небір ойға келмейтін оқиғалардың болып жататыны бар. Мына төмендегі жәйттер солардың бір парасы ғана...

2007 жылы желтоқсан айында Лейчестердегі букмекерлік орталықтың біріне бір еркек баса-көктеп кіреді. Ол пакетке оралған қаруды кассирге кезеніп, ақша талап етеді. Кассир қорыққанынан 600 фунтты санап береді. Одан соң қаруын күзетшіге кезеп, одан да соншама ақша алады. Соған марқайған ол дүкеннен шыққан бойда өз жеңісін тойлау үшін сауықтыру орнына бас сұғады.

Алайда артынан іле шыққан екінші бір қызметкердің ізіне түскенін байқамай да қалған. Ақыры тойыншы соңы топалаңмен аяқталып, полиция қолына оп-оңай түседі. Сот оны 5 жылға бас бостандығынан айырады.

2007 жылы белгісіз біреу Нью Мехикодағы Сюзи Фронтеротта деген азаматтың үйіне ұрлыққа түсіп, бағалы заттары мен ірі көлемде ақша алып кетеді. Полиция да сұғанақтарды тез арада таба алмай өбегерге түседі.

Арада үш жыл өткенде Сюзи күтпеген жерден сәлемдеме алады. Қорапты ашқанда ішінен өзінің жоғалған бағалы заттары мен «Сіздің мүлкіңізді ұрлағанымын үшін кешірім сұраймын, осы оқиғадан соң өмірім тозаққа айналды. Тағы да кешірім өтінемін» деген қолжазба шығады. Ұры

тіпті 1000 долларын ақша тапқанда қайтаратындығын да ұмытпапты.

Осындай да адал адамдар болатындығына риза болған Сюзи полициядан арызын қайтарып алып, ұрыны жазаға тартпауды өтініпті.

Оак Хиллдан демалыстан оралған бір отбасы кешкі ас үстінде бір оқиғаны еске алып, көздерінен жас аққанша күледі. Бұл жағдайға үйдің екінші қабатынан да күлген адамдардың дауысы шығады.

Бұл ештеңе алып үлгермеген алмаған ұрылардың дауысы болып шығады. Күлген жақсы, бірақоның кейдетрагедиямен аяқталатындығын ескеру керек. Үйден шығып үлгермеген ұрылар сол мезетте-ақ полиция қолына тапсырылады.

Ұлыбританияда таңертеңгілік банктердің біріне ұры түседі. Ол кассирлерден ақша талап етіп, жұртты аяғынан тік тұрғызады. Қызметкерлер болса азаңмен ақша болмайтындығын түсіндіріп әлекке болады. Кассаның бостығына көзі жеткен бұзақы «Арыз-шағым» кітапшасын сұратып алып, банк кассасында ақша жоқтығына шағым жазып кетіпті.

Банктен шығып көлігіне отырғанда, артынша полиция келеді. Ұсталған ұры 48 жастағы Джозеф Гетз деген азамат екен.

Флорида штатындағы Лейк-Сити қаласында тұратын 20 жастағы Карен Ли Джохимми лицензиясы бар қару ұстамаған. Бірақолұрлықәзлектрліарасын арқалап шығыпты.

Сөйтіп «Говард Джонсон»

әкімшілігіне баса-көктеп кіріп, тез арада сейфті ашып, ондағы барлық ақшаны беруді талап етеді. Өйтпеген жағдайда электрліарамен барлық қызметкерді қырып салатындығын мәлімдейді. Оның әрекетіне мекеме әкімшісі ішегі қатқанша күледі. Себебі, ұры қолындағы қаруын тоқ көзіне қосуды ұмытып кетіпті.

АҚШ-та Техас штатында тұратын Эдвин Гайнор полицияға қызметке тұрмақшы болады. Анкета толтыру барысында «Бұрын қылмыс жасап па едіңіз?» деген сұраққа әлі күнге ашылмаған қылмыстар жасағанын жазып қойыпты.

Эдвин Гайнор бес қылмыс жасаған. Оның ішінде көлік ұрлығы да бар. Алғашында мұны әзіл шығар деп қабылдаған тәртіп сақшылары ақпаратты тексеріп көреді. Шын мәнінде, ол қолының жымысқысы бар адам болып шығады. Полиция қызметкерлері оны қызметке алуды емес, бірден түрмеге қамауды жөн санапты.

Бірде Браун есімді жігіт оңай ақша табуды ойлап, өзі қызмет істейтін поштаның банкі күштеп үлтеп кетуді жөн санайды. Мекемеге баса көктеп кіреді. Бетіне маска киіп, қолына қару ұстағанымен, ол киіміндегі Браун деген жазуы бар төсбелгіні жасыруды ұмытып кетіпті.

Осылайша, өзін өзі ұстап берген жігіт бес жылын түрмеде өткізеді. Бостандыққа шыққан ол ақша табу үшін тағы да күш көрсетпекші болады. Бұл жолы да банкке бас сұққан Браун жұртты айғай салып дүрліктіреді. Қалтасынан алған

қағазына «Ақша бер, әйтпесе атамын!» деп жазып, оны кассирлердің қолына ұстатады. Олар ақшаны бергенімен, ұры әлгі қағазын сол жерге тастап кетіпті. Полиция тексергенде қағаздың екінші беті Браунға полициядан жіберілген қағаз екені анықталады. Осылайша, қайта қолға түсіпті.

Калифорнияда дүкен тонаған бір әңгүдік қылмыс орнынан көп ұзамай ұсталып қалыпты. Көшеде тыржалаңаш жүрген оны полиция тұтқындап, тергеуге алады. Тексерсе келгенде ұры ұсталып қалмау үшін киімдерін түгел қоқыс жәшігіне тастап кетіпті.

Детройт қаласында пәтер ұрысы хан сарайындай үйдің иесі қоларбаларын көлігіне салып, алыс жолға шыққанын байқап қалады. Ол кетісімен үйге кірген сумақай бағалы заттарды жинастырып, жақсылап тамақтанып, тіпті шарапқа да тояды. Содан соң бір мызғып алуды ұйғарады.

Өкінішке қарай үй иесі жолы болмай, сапардан үйіне қайта оралады. Жайбарақат ұйықтап жатқан сұғанақты бірден полицияға ұстап беріпті.

Иә, мұндай оқиғаларды жүздеп айтуға болады. Алайды ұрлықты жасамаған тіпті жақсы. Қылмысты болып, өміріңнің бір бөлігін түрменің арғы жағында өткізудің өзі — қорлықтың көкесі. Одан да адал еңбекпен тапқан нан тәтті.

Электрондық агенттіктер материалдан дайындалды

Сезіктіні жедел қолға түсірді...

Көлік полицияларының жіті қимылының арқасында ұялы телефонның ұрлығы ашылды.

Жедел-профилактикалық іс-шараларын жүргізу барысында Құсмұрын станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері 45 жастағы ер азаматтың мүлігін ұрлаған 22 жастағы сезіктіні анықтады.

Қылмыс 2018 жылғы 01 ақпанда сағат 04.30 минут шамасында «Алматы-Қостанай» бағытындағы № 43 жолаушылар поезының № 4 вагонында жол жүру барысында болған. Қасқүнем еркін кіру арқылы сомасы 90 000 теңге тұратын «Samsung A3» маркалы ұялы телефонын иемденген.

Аталған факті бойынша ҚР ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігі «Ұрлық» бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

Е. ЕЛУКЕНОВ,
Құсмұрын ст. ЖПБ бастығы,
полиция капитаны

Қазақстанда төлқұжатты латын қарпімен беру көзделуде

Латын әліпбиіне кезең-кезең бойынша көшудің жоспары негізінде 2021 жылдан бастап, қазақстандықтардың төлқұжатын, жеке куәліктері мен басқа да құжаттарын латын графикасы негізінде мемлекеттік тілде беру көзделуде.

Бұл туралы Үкімет отырысында Мәдениет және спорт вице-министрі Ерлан Қожағапанов мәлім етті, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.

«Мемлекет басшысының кеңейтілген Үкімет отырысында берген тапсырмаларына қатысты келесіні баяндауды рұқсат етіңіз. Латын әліпбиіне кезең-кезең бойынша көшудің жоспары әзірленді. Бірінші кезең - 2018-2020 жылдары нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша дайындық жұмыстары мен іс-шаралар жүргізілетін болады. Латын графикасы негізінде жаңа қазақ әліпбиінде дұрыс жазу қағидалары, мәтінді латын әліпбиіне аударудың IT қосымшалары әзірленеді», - деді вице-министр.

Ерлан Қожағапанов екінші кезең 2021-2023 жылдарды қамтитынын атап өтті. «2021-2023 жылдары латын графикасы негізінде мемлекеттік тілде Қазақстан Республикасының төлқұжатын, жеке куәлігін және басқа да құжаттарды беруді қамтамасыз ету көзделген. Филологтар мен ғалым-лингвистерді тарта отырып, орталықтардың оқытушылары мен ересек халықты үйрету үшін семинарлар мен лекциялар, курстар ұйымдастырылады. Үшінші кезең 2024-2025 жылдары мемлекеттік органдарының, білім беру ұйымдарының, мемлекеттік БАҚ және баспалардың құжат айналымдарын кезеңменен көшіру жоспарланған. Министрлік жанында қазақстандық үйлестіру мақсатында «Тіл қазына» орталығы құрылуда», - деп түйді Ерлан Қожағапанов.

Шекарада ұсталды

Қазақстан-Ресей шекарасынан 6 тоннадан артық алкоголь өнімдерін алып өтпек болған бірнеше заң бұзушылық фактілер анықталды, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА ҚР ҰҚК Шекара қызметіне сілтеме жасап.

Ведомство ақпаратына сәйкес, Қостанайдағы «Қайрақ авто» өткізу бекетінде Ресейден Қазақстанға өтіп бара жатқан «ВАЗ 2110» көлігіндегі 36 жастағы қазақстандық ұсталды.

Тексеріс барысында оның автомобилінен 200 литр арақ табылды (400 шиша, 0,5 литрден). Сонымен қатар «Мерседес» жүк көлігін мінген қазақстандық азамат ешқандай рұқсат қағазсыз мемлекеттік шекарадан 5,1 мың литрден астам арақ өткізбек болған кезде қолға түсті. «Сайхин авто» өткізу бекетінде «УАЗ» автомобилімен Ресейге өтіп бара жатқан қазақстандық 41 жастағы азаматтың көлігінен 1680 бөтелке арақ пен 120 бөтелке коньяк табылды.

Шекара тәртібін бұзушылардың барлығы алкоголь өнімдерін ешқандай рұқсат құжатсыз өткізбек болған.

inform.kz

Курсанттарды тәртіпке баулу

«Тәртіпке бағынған – қор болмайды» - деп, Бауыржан атамыз айтқандай, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 3-курс курсанттарымен көптеген тәрбие жұмыстары мен тәрбиелік іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Курсанттар үшін Тәрбиелік жұмыстар жан-жақты дамуға, кәсіби біліктіліктерін арттыруға, адамгершілік және мінез-құлық қасиеттерін қалыптастыруға, ең бастысы - еліне адал тәртіп сақшысы болуға зор үлес қосады.

3-курс курсанттары бос уақыттарында академия ішіндегі үйірмелерге барады. Мәселен: би үйірмесі, домбыра үйірмесі және де спорттық үйірмелеріне қатысып жүр. Спорт жағынан курсаралық және взводаралық жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Академиядан тыс чемпионаттарға академия намысын қорғап, жүлделі орындардың иегері атанып жүрген курсанттарымыз жетерлік.

Академияда курсанттармен әр апта сайын кураторлық сағаттар, кафедралық конференциялар, дөңгелек үстелдер, спорттық жарыстар, концерттік кештер мен кездесулер, сонымен



«Тәртіп жоқ жерде-білім жоқ»-деп ата-бабаларымыз бекер айтпаған.Әрбір курсант болашақта білікті маман иесі болу үшін тәртіпті сақтап, жоғары оқу орнынан білім алу қажет.

Тәрбиелі курсант – ел тыныштығының кепілі екені сөзсіз. Сондықтан, тәрбиелік жұмыстардың басты нәтижесі мен мақсаты курсанттарды маманнан бұрын, тәрбиелі адам етіп тәрбиелеп шығару.

А. КУСЕУБАЕВ,
ҚР ИИМ Қостанай академиясының 3-курс бастығы
полиция подполковнигі

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru